

**Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі  
жергілікті және басқа да соттар судьяларының бос қызмет  
орындарына орналасу үшін конкурс жариялайды:**

**Астана қаласы бойынша:**

Астана қалалық соты – 2 бос қызмет орны;

Алматы аудандық соты (азаматтық юрисдикция) – 5 бос қызмет орны;

Есіл аудандық соты (азаматтық юрисдикция) – 3 бос қызмет орны;

Алматы ауданының № 2 аудандық соты (қылмыстық юрисдикция) – 2 бос қызмет орны;

мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты – 5 бос қызмет орны;

**Алматы қаласы бойынша:**

Алматы қалалық соты – 1 бос қызмет орны;

Алматы аудандық соты (қылмыстық юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Бостандық аудандық соты (азаматтық юрисдикция) – 2 бос қызмет орны;

Алматы ауданының № 2 аудандық соты (азаматтық юрисдикция) – 4 бос қызмет орны;

Әуезов ауданының № 2 аудандық соты (азаматтық юрисдикция) – 3 бос қызмет орны;

Жетісу ауданының № 2 аудандық соты (қылмыстық юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Медеу аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 3 бос қызмет орны;

мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты – 2 бос қызмет орны;

мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты – 1 бос қызмет орны;

Түрксіб аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

**Ақмола облысы бойынша:**

Зеренді аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Көкшетау қалалық соты (жалпы юрисдикция) – 2 бос қызмет орны;

Көкшетау қаласының мамандандырылған әкімшілік соты – 1 бос қызмет орны;

мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты – 3 бос қызмет орны;

**Ақтөбе облысы бойынша:**

Ақтөбе қалалық соты (азаматтық юрисдикция) – 6 бос қызмет орны;

Ақтөбе қаласының № 2 соты (қылмыстық юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты – 2 бос қызмет орны;

Хромтау аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

**Алматы облысы бойынша:**

Жамбыл аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Іле аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 3 бос қызмет орны;  
Қапшағай қалалық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;  
Қарасай аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 2 бос қызмет орны;  
Қарасай мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты – 1 бос қызмет орны;

Панфилов аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;  
қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты – 2 бос қызмет орны;

мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты – 1 бос қызмет орны;

Талғар аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Талдықорған қалалық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

**Атырау облысы бойынша:**

Атырау облыстық соты – 1 бос қызмет орны;

Атырау қалалық соты (азаматтық юрисдикция) – 3 бос қызмет орны;

Атырау қаласының № 2 соты (қылмыстық юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Мақат аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты – 2 бос қызмет орны;

**Шығыс Қазақстан облысы бойынша:**

Шығыс Қазақстан облыстық соты – 1 бос қызмет орны;

Бородулиха аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 2 бос қызмет орны;

Өскемен гарнизонының әскери соты – 1 бос қызмет орны;

Курчатов қалалық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Тарбағатай ауданының № 2 аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Риддер қалалық соты (жалпы юрисдикция) – 2 бос қызмет орны;

Семей қаласының мамандандырылған әкімшілік соты – 1 бос қызмет орны;

мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты – 2 бос қызмет орны;

Өскемен қалалық соты (азаматтық юрисдикция) – 4 бос қызмет орны;

**Жамбыл облысы бойынша:**

Қордай аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты – 4 бос қызмет орны;

Тараз қалалық соты (азаматтық юрисдикция) – 3 бос қызмет орны;

**Батыс Қазақстан облысы бойынша:**

мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты – 1 бос қызмет орны;

Орал қаласының № 2 соты (азаматтық юрисдикция) – 4 бос қызмет орны;

**Қарағанды облысы бойынша:**

Қарағанды облыстық соты – 1 бос қызмет орны;

Балқаш қалалық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;  
Жезқазған қалалық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;  
Қарағанды қаласының Октябрь аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Абай ауданының № 2 аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданының № 2 аудандық соты (азаматтық юрисдикция) – 8 бос қызмет орны;

Қарағанды қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты – 1 бос қызмет орны;

мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты – 1 бос қызмет орны;

**Қостанай облысы бойынша:**

Арқалық қалалық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Қостанай қалалық соты (азаматтық юрисдикция) – 2 бос қызмет орны;

Рудный қалалық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Қостанай қаласының № 2 соты (қылмыстық юрисдикция) – 2 бос қызмет орны;

**Қызылорда облысы бойынша:**

Қызылорда қалалық соты (азаматтық юрисдикция) – 3 бос қызмет орны;

мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты – 1 бос қызмет орны;

**Маңғыстау облысы бойынша:**

Бейнеу аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Жаңаөзен қалалық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Мұнайлы аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Ақтау қаласының № 2 соты (азаматтық юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

**Павлодар облысы бойынша:**

Павлодар қалалық соты (азаматтық юрисдикция) – 3 бос қызмет орны;

мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты – 2 бос қызмет орны;

Екібастұз қалалық соты (жалпы юрисдикция) – 5 бос қызмет орны;

**Солтүстік Қазақстан облысы бойынша:**

Петропавл қалалық соты (қылмыстық юрисдикция) – 3 бос қызмет орны;

Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының № 2 аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Петропавл қаласының мамандандырылған әкімшілік соты - 1 бос қызмет орны;

Мағжан Жұмабаев атындағы аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Петропавл қаласының № 2 соты (азаматтық юрисдикция) – 3 бос қызмет орны;

### **Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша:**

Шымкент қаласының Әл-Фараби аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 2 бос қызмет орны;

Кентау қалалық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты – 2 бос қызмет орны;

мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты – 5 бос қызмет орны.

Барлығы: аудандық және оған теңестірілген соттар – 155 бос қызмет орны, облыстық соттар судьяларының 6 бос қызмет орны.

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 29-бабы 1-тармағында (аудандық және оған теңестірілген соттар үшін), 2-тармағында (облыстық және оған теңестірілген соттар үшін) көрсетілген талаптарға сай келетін азаматтарға конкурсқа қатысуға мүмкіндік беріледі.

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

1) өтініш – Жоғары Сот Кеңесі Төрағасының атына беріледі, өз қолымен анық жазылып, өтініш берушінің мекен-жайы мен байланыс телефоны міндетті түрде көрсетіледі және қолы мен күні қойылады;

Конкурсқа қатысу туралы өтініште үміткер нақты қандай бос судьялық лауазымға орналасқысы келетіндігін және тиісті соттың атауын көрсетуі қажет;

2) кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы – өз қолымен анық жазылып толтырылады.

Жоғары оқу орнының атауы дипломдағы жазуға сәйкес көрсетіледі.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер көрсетілген кезде, сондай-ақ жоғары және орта оқу орындарындағы оқу мерзімі, әскери қызмет, қосымша жұмыс қамтылады. Мекемелерді, ұйымдарды, кәсіпорындарды, сондай-ақ министрліктерді (агенттіктерді, ведомстволарды), олардың орналасқан орындарын атап өткен кезде олардың осы тұлғаның еңбек еткен уақытында пайдаланылған атауын пайдалану қажет. Тұлғаның еңбек қызметі туралы мәліметтер еңбек кітапшасындағы жазуларға және басқа да құжаттарға толық сәйкес болуы тиіс.

«Тұрғылықты мекен-жайы және телефоны» атты бағананы толтырған кезде іс жүзіндегі тұрғылықты мекен-жайы мен телефон нөмірлерін көрсету қажет (ұялы, үй және жұмыс);

3) өмірбаян – еркін нысанда, міндетті түрде өміріндегі ең маңызды кезеңдері көрсетіле отырып жазылады;

Өмірбаян күні мен қолы қойылып, өз қолымен (анық, ұқыпты) немесе машина жазбасымен не компьютерлік әдіспен толтырылады.

Өмірбаянда міндетті түрде судьялыққа кандидатқа қатысты қозғалған қылмыстық, оның ішінде кейіннен ақталу немесе ақталмау негіздері бойынша тоқтатылған істер туралы мәліметтер көрсетіледі;

4) жеке куәлігінің көшірмесі. Қолданылу мерзімі өткен құжат көшірмесі ұсынылған жағдайда, материалдар қайтаруға жатады;

5) жоғары білімі туралы дипломның нотариалдық куәландырылған көшірмесі және қосымшасы;

6) еңбек кітапшасының нотариалды куәландырылған көшірмесі. құжат бауланып, нөмірленіп, нотариустың мөрімен бекітілуі тиіс.

жұмысы туралы мәліметтер еңбек кітапшасына енгізілмейтін немесе толық емес көлемде енгізілетін қызметкерлер үшін (іім, ұқк қызметкерлері, қаржы полициясы органдары), оның ішінде бұрын істегендер үшін, еңбек кітапшасының көшірмесінен басқа тиісті кадр қызметінің басшысы куәландырған қызметтік тізімінің көшірмесін немесе кадр қызметі куәландырған нақты лауазымдарын көрсете отырып, анықтама ұсыну қажет.

құқық қорғау органдарынан жұмыстан босатылған жағдайда, тұлғалар босатылу туралы бұйрықтан үзінді көшірмені ұсынады;

7) қызметтік мінездеме, онда тұлғаның кәсіби қызметіне, іскерлік және болмыстық қасиеттеріне баға берілуі тиіс. Бұл ретте, міндетті түрде көтермелеулер мен тәртіптік жазалар туралы мәліметтер көрсетіледі.

Мінездеме бірінші басшының немесе оның міндетін атқарушы лауазымды тұлғаның қолы қойылып жазылады, ұйымның мөрі басылады. Бұдан басқа құжаттың мәтінінде оның берілген күні және шығыс нөмірі қойылады.

Мінездемені дәлелді себептерге байланысты ала алмаған жағдайда, жазбаша түрдегі түсініктемелер беріледі;

8) денсаулық жағдайы туралы белгіленген үлгідегі анықтама (№ 086 нысандағы), оның ішінде облыстар және Астана, Алматы қалаларының тиісті психоневрологиялық және наркологиялық диспансерлері берген анықтамалар;

9) жұмыс істеп жүрген судьяларға және судьялыққа кандидаттарға сауалнама (нысан қоса беріледі).

Жұмыс істеп жүрген судьялар мен бұрын судья қызметін атқарған судьялыққа кандидаттар соңғы үш жыл ішіндегі жұмыс көрсеткіштері туралы анықтаманы, тәртіптік жауапкершілікке тартылғаны және аталған кезеңде келіп түскен шағымдар туралы мәліметтерді ұсынады. Жұмыс көрсеткіштері мен аталған анықтамаларға тиісті облыстық сот төрағасының қолы қойылып, осы соттың мөрімен күні көрсетіле отырып, бекітілуі тиіс. Егер кандидаттың іс-әрекетіне шағымдар түскен жағдайда, онда тиісті анықтамада әрбір шағым бойынша мағлұматтар мен қаралу нәтижесі егжей-тегжейлі (шағым иелері уәждерінің расталғаны туралы міндетті түрде көрсетілуі қажет) көрсетілуі тиіс.

Судьялыққа кандидаттар емтиханды (магистранттар үшін) не біліктілік емтиханын және тестілеуді тапсырғанын растайтын құжаттарды (нотариалдық куәландырылған көшірмесі немесе түпнұсқасы) тапсырады, сондай-ақ тағылымдамадан өткені туралы жалпы отырыстың оң қорытындысы болуы тиіс. Облыстық және оған теңестірілген соттардың судьялығына кандидаттар тиісті облыстық соттың жалпы отырысының оң қорытындысын (нотариалдық куәландырылған көшірмесі немесе

түпнұсқасы) қосымша ұсынады. Ал жұмыс істеп жүрген судьялар үшін тиісті облыстық соттың жалпы отырысының қорытындысы талап етілмейді.

Барлық ұсынылған құжаттарға қол қойылып, толтырылған немесе бекітілген күні, қажет болған жағдайларда құжаттардың шығыс нөмірі мен күні көрсетілуі тиіс.

Өтініш, кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы, өмірбаян, қызметтік мінездеме, денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтамалар, тиісті облыстық соттың жалпы отырысының қорытындысы (облыстық соттың судьялығына судья болып жұмыс істемейтін кандидаттар үшін) берілген немесе жасалған күнінен бастап 1 (бір) жыл ішінде жарамды болады.

Аталған құжаттар осы хабарлама баспасөз бетінде жарияланған күннен бастап бір ай мерзімде конкурс өткізілетін орын бойынша мына мекен-жайға тапсырылуы тиіс: 010000, Астана қаласы, «Үкімет үйі» ғимараты, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі.

Кандидаттардың құжаттары тиісті түрде рәсімделмеген жағдайда, олар тапсырған адамдарға қайтарылатын болады.

Жергілікті және басқа соттардың судьялары бос лауазымдарына конкурстың қорытындылары туралы ақпарат Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының интернет-ресурсындағы «Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі» бөлімінде орналастырылады.

Анықтама үшін телефон: (8-7172) 74-14-52.

**Қазақстан Республикасының  
Жоғары Сот Кеңесі**